

«КЕЛІСІЛДІ»

**«Қостанай қаласы әкімдігі
білім бөлімінің «Б.Момышұлы
атындағы №5 орта мектебі» ММ
директоры**



Б. Исетова

18.11.2020 жыл

**«Қостанай қаласы әкімдігі білім бөлімінің
Бауыржан Момышұлы атындағы №5 орта мектебі» ММ
сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері туралы
сараптамалық анықтама**

«Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімі» ММ «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» 12.05.2020 жылғы № 563 бұйрығы негізінде қараша айында «Қостанай қаласы әкімдігі білім бөлімінің Бауыржан Момышұлы атындағы №5 орта мектебі» ММ қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

«Қызметкерлерді басқару»

«Қостанай қаласы әкімдігі білім бөлімінің Бауыржан Момышұлы атындағы №5 орта мектебі» ММ басқару функциялары мынадай қызмет бағыттары бойынша іске асырылады: оқу жұмысы, тәрбие жұмысы, ғылыми-әдістемелік жұмысы, әлеуметтік-психологиялық қызметі. Қызметкерлердің штат саны 2020 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша 105 адамды құрады. Соның ішінде:

- әкімшілік-басқару қызметкерлері - 8 қызметкер;
- негізгі қызметкерлер (педагогтар, әлеуметтік педагог, педагог-психолог, аға тәлімгер) - 69 қызметкер;
- әкімшілік қызметкерлер (кітапханашылар, бухгалтерия) - 3 қызметкер;
- техникалық қызметкерлер – 25 қызметкер.

105 қызметкерден 5-і бала күтімі бойынша әлеуметтік демалыста, 4 қызметкер сырттай қосымша жұмыс істейді.

Бүгінгі таңда 1 бос орын бар: толық емес ставкаға орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі.

Қызметкерлердің сапалық құрамын талдай отырып, қызметкерлердің орташа жасы 39,4 жасты құрайтынын атап өткен жөн. Зейнеткерлік және зейнетке дейінгі қызметкерлер 13. Ұлттық құрамы бойынша 63 % - қазақ, 23 % - орыс, 14 % - басқа ұлт өкілдері.

Есепті кезеңде 18 қызметкер жұмыстан босатылды, 15-і өз еркі бойынша, басқа жұмысқа ауысуына байланысты, 3-і зейнеткерлік жасқа толуына байланысты, 26 қызметкер қабылданды.

Лауазымдық міндеттерін тиімді атқару үшін, біліктілікті арттыру кестесіне сәйкес өзінің кәсіби деңгейі мен біліктілігін арттыру мақсатында 2020 жылы 17

педагог біліктілікті арттыру курстарынан өтті. 1 қызметкер «Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау», «Өрт қауіпсіздігі» курстары бойынша оқытылды, 1 қызметкер «4 (төртінші) санаттағы слесарь-сантехник» біліктілігін арттырды.

Қазақстан Республикасы «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы Заңының 13-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидаларын және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтарға қойылатын талаптарды бекіту туралы» 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 160 бұйрығына, «Қостанай қаласы әкімдігі білім бөлімінің Бауыржан Момышұлы атындағы №5 орта мектебі» ММ 2020 жылғы 25 тамыздағы №346 бұйрығына сәйкес педагогтың кәсіби қызметіне алғаш кіріскен маманға кәсіби бейімделуге практикалық көмек көрсету мақсатында тәлімгерлік ұйымдастырылды.

Тәртіптік тәжірибені талдай отырып, білім бөлімінің мемлекеттік қызметшілері 2020 жылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, еңбек заңнамасын бұзғаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылмағанын атап өтеміз.

2020 жылы мектепте мүдделер даулары орын алған жоқ.

Осылайша, қызметкерлердің қызметі ҚР «Педагог мәртебесі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңдарын, Педагогикалық әдеп ережелерін іске асыруға бағытталған.

Жалпы, мектеп қызметкерлерінің қызметі лауазымдық нұсқаулықтарға сәйкес қойылған функциялар мен міндеттерді іске асыруға бағытталған.

«Мемлекеттік қызмет көрсету»

Қазіргі уақытта «Қостанай қаласы әкімдігі білім бөлімінің Б.Момышұлы атындағы №5 орта мектебі» ММ барлығы 7 мемлекеттік қызмет көрсетіледі:

2020 жылдың 3 айы ішінде (маусым, шілде, тамыз) Білім беру саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидаларына сәйкес мектепте төмендегі мемлекеттік қызметтер көрсетілді:

«Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік қызметі, барлығы 42, оның ішінде - 35 электрондық түрде, 7 қағаз түрінде.

«Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды көшіру үшін құжаттарды қабылдау» мемлекеттік қызметі «Сакура» электронды мектебі арқылы - 204.

«Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау» мемлекеттік қызметі бойынша 3 қызмет көрсетілді.

«Негізгі орта, жалпы орта білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру» мемлекеттік қызметі бойынша 2020 жылғы 1 қаңтардан 2020 жылғы 18 қарашаға дейін «Азаматтарға арналған үкімет»

Мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы арқылы 3 қызмет, «Электрондық үкімет» веб-порталы арқылы - 0 қызмет көрсетілді.

«Жеке санаттарға тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызметі бойынша 2020 жылдың 1 қаңтарынан 2020 жылдың 18 қарашасына дейін қағаз түрінде 13 қызмет көрсетілді.

«Аз қамтылған отбасы балаларының қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалуы үшін құжаттар қабылдау және жолдама беру» мемлекеттік қызметі бойынша 2020 жылғы 1 қаңтардан 2020 жылғы 18 қарашаға дейін «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы арқылы 30 қызмет көрсетілді.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растау) үшін оларды аттестаттаудан өткізуге құжаттар қабылдау» мемлекеттік қызметі 2020 жылғы 1 қаңтар мен 2020 жылғы қараша аралығында «Қостанай қаласы әкімдігі білім бөлімінің Бауыржан Момышұлы атындағы №5 орта мектебі» ММ 2 мемлекеттік қызмет көрсетілді. Соның ішінде Мемлекеттік корпорация (ХҚКО) арқылы 2 қызмет.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру мәселелері жыл сайын мектеп директоры жанындағы кеңестерде қаралады.

Солай, 2020 жылы директор жанындағы кеңесте ақпарат тыңдалды:

- ✓ «Аз қамтылған отбасылардағы балалардың қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалуы үшін құжаттар қабылдау және жолдама беру» және «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызмет көрсету бойынша әлеуметтік педагогтың жұмыс жүйесі туралы (2020 жылғы қаңтар);
- ✓ «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік қызметін жүзеге асыру бойынша қызметті қадағалау (2020 жылғы қыркүйек);
- ✓ «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін балаларды ұйымнан білім беру ұйымына ауыстыру» мемлекеттік қызметін жүзеге асыру бойынша қызметті қадағалау (2020 жылғы қыркүйек);
- ✓ Білім беру бөлімінің «Пандемия кезеңіне мемлекеттік қызмет көрсету туралы» 2020 жылғы 16 сәуірдегі № 523 бұйрығы бойынша мектептерге, балабақшаларға, қосымша білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау бойынша мемлекеттік қызметті жүзеге асыру бойынша қызметті қадағалау.

Халыққа көрсетілетін мемлекеттік қызметтер туралы түсіндіру мақсатында тоқсан сайын мектеп сайтында және интернет - ресурстарда бейнетаспаны орналастыру арқылы қорғаншы және қамқоршы мемлекеттік қызметтердің ата-аналарын хабардар ету жүргізіледі.

<http://sch5bm.kz/ru/2020/06/26/detsckie-ozdorovitelnaye-lagerya/>

http://sch5bm.kz/ru/2020/10/15/gos_usluga_priem/

http://sch5bm.kz/ru/2020/10/21/vnimanio_roditelei/

<http://sch5bm.kz/ru/2020/04/02/uvazhaemye-roditeli-zakonnye-predstaviteli/>

<http://sch5bm.kz/ru/2020/09/28/info-o-prieme-i-perevode/>

Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрыштары «Бауыржан Момышұлы атындағы №5 орта мектебі» ММ бірінші қабатында орналасқан.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдерін бұзушылықтар мен шағымдар жоқ.

Сондай-ақ, жыл сайын Білім бөлімінің мамандарымен Мемлекеттік корпорация қызметкерлері мен мектептердің жауапты тұлғалары үшін оқыту семинарлары өткізіледі. Мектепте Мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты тұлғалар оқыту семинарларына қатысады. Солай, талдау кезеңінде мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты тұлғалар келесі іс-шараларға қатысты:

Ерденова Ж.К. - 2020 ж. 31 қаңтарда «ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығымен бекітілген Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын сақтау» тақырыбында бөбекжай-балабақша директорларының ОТЖ жөніндегі орынбасарлары мен әдіскерлеріне арналған білім беру мекемелерінің аттестаттау комиссияларының жұмысы бойынша семинар;

Петренко О.Е. - 2020 ж. 30 қаңтар, қала мектептері директорларының орынбасарларына арналған «Жалпыға бірдей басқару: Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру» семинары;

Нұрғазина Р.Ж. - 2020 ж. 4 ақпан «Балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша мемлекеттік қызметтерді іске асыру» әлеуметтік педагогтарына арналған оқыту семинары;

2020 ж. 20 ақпан – «ЭҮП және Мемлекеттік корпорация арқылы мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру» Мемлекеттік корпорация қызметкерлеріне арналған оқыту семинары»;

Ерденова Ж.К. - 2020 жылғы 13 сәуір, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растау) үшін аттестаттаудан өткізуге құжаттарды қабылдау» мемлекеттік қызметі бойынша директорлардың ғылыми-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасарлары үшін қашықтықтан оқыту формасында оқыту семинары;

Білім бөлімімен «Пандемия кезеңіне мемлекеттік қызмет көрсету туралы» 2020 жылғы 16 сәуірдегі № 523 бұйрығы жолданды, оған сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету бойынша жұмыстар жүзеге асырылуда.

Талданып отырған кезеңде мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдерін бұзушылықтар мен шағымдар жоқ.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру мәселесі тұрақты бақылауда тұр.

«Рұқсат беру функцияларын іске асыру»

«Қостанай қаласы әкімдігі білім бөлімінің Бауыржан Момышұлы атындағы №5 орта мектебі» ММ

«Бақылау функцияларын іске асыру»

«Қостанай қаласы әкімдігі білім бөлімінің Бауыржан Момышұлы атындағы №5 орта мектебі» ММ

«Білім бөлімінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер»

2020 жылғы 1 қаңтардан 2020 жылғы 18 қарашаға дейінгі жағдай бойынша

«Қостанай қаласы әкімдігі білім бөлімінің Бауыржан Момышұлы атындағы №5 орта мектебі» ММ жеке және заңды тұлғалардың жазбаша өтініштері, шағымдары және басқа да өтініштері түскен жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау қорытындысы бойынша жұмыс тобы мынадай ұсыныстар жасады:

- ✓ Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы Заңы, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы сақталсын.
- ✓ Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша жауапты тұлғалар мемлекеттік қызмет көрсетудің талаптары мен мерзімдерін сақтасын.
- ✓ Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде Педагогикалық этика қағидалары қатаң сақталсын.
- ✓ Мектепте әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті тұлға Нұржанов М.Т. сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша мектептің ресми интернет-ресурстарында орналастыра отырып, түсіндіру жұмыстарын жүргізсін.

Жұмыс тобының төрағасы

М. Нуржанов

Жұмыс тобы мүшелерімен келісілді:

Тихонова Л.В.

Оразак С.А.